

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
мен
Шеньян педагогикалық университетінің
арасындағы ынтымақтастық жөніндегі келісім-шарт

Екі ел арасындағы достық қарым-қатынасты дамыту мақсатында, екі жақтың жоғарғы білім, ғылым және мәдениет саласындағы мүдделерін есепке ала отырып, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті атынан **Жарғы негізінде әрекет ететін ректоры Сыдықов Ерлан Бәтгашұлы** бір тараптан, тараптан және **Шеньян педагогикалық университеті атынан Жарғы негізінде әрекет ететін ректоры Линь Цзюнь** екінші тараптан, бірлесіп төмендегідей мазмұндағы нақты келісім-шарт жасасты:

1- бап. Келісім-шарттың мәні

Аталған келісім-шарттың мәні студенттер алмасу, бірлесіп ғылыми-зерттеулер жасау және ғылыми-білім шараларын өткізу бойынша ынтымақтастық болып табылады.

2- бап. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары

2.1 Барлық білім беру бағдарламалары бойынша студенттер және магистранттар алмасу.

2.2 Ғылыми ақпараттармен, оқу бағдарламаларымен, оқу құралдарымен және т.б. басылымдармен алмасу.

2.3 Бірлескен ғылыми жобаларды дайындау және жүзеге асыру, конференциялар мен семинарлар өткізу.

2.4 Бірлескен білім беру бағдарламаларын дайындау, жасау және жүзеге асыру.

2.5 Бірлесіп ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, оқытуды және оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында оқытушылармен және ғылыми қызметкерлермен алмасу.

3- бап. Тараптардың міндеттері

3.1 Студенттер мен магистранттарды барлық білім беру бағдарламалары бойынша оқытуды жүзеге асыру. Оқу аяқталғаннан кейін екі жақта қойылған бағаларды мойындау.

3.2 Жоғарғы білім беру саласында және басқа салаларда бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу.

3.3 Бірлесіп ғылыми шаралар ұйымдастыру.

3.4 Осы келісім-шарттың 3.1-3.3 бөлімдерінде көрсетілген міндеттер аталған келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын сәйкес Қосымшалар және (немесе) Қосымша келісім-шарттарда анықталған шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

4- бап. Тараптардың қаржылық қарым-қатынастары

Тараптардың ықтимал қаржылық қарым-қатынастарына байланысты барлық мәселелер аталған келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын сәйкес Қосымшаларда (немесе Қосымша келісім-шарттарда) бөлек ескертіледі.

5- бап. Ерекше шарттар

5.1 Осы келісім-шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу екі тараптың келісімімен жүзеге асырылады және өзгертілген жаңа келісім-шарт, Қосымша және Қосымша келісім-шарт түрінде жасалады.

5.2 Аталған келісім-шарт ынтымақтастықтың бағыттарын айқындайтын, білім беру және ғылыми шаралардың, жобалар мен бағдарламалардың шарттарын анықтайтын Қосымша келісім-шарттар және Қосымшалармен толықтырылуы мүмкін.

5.3 Қосымшалар мен (немесе) Қосымша келісім-шарттарына қос тараптың Жарғыларына сәйкес тараптардың ректорлары немесе сәйкес қолхат негізінде проректорлары қол қояды.

5.4 Келісім-шартты бұзуға ниетті тарап екінші тарапты келісімді бұзу күнінен кемінде 60 күн бұрын ескертуі тиіс. Сонымен бірге тараптар өзіне жүктелген міндеттемелері бойынша жұмыстарды осы келісім-шартта, сәйкес Қосымшалар мен (немесе) Қосымша келісім-шарттарда бекітілген мерзімде орындауы тиіс.

6- бап. Қызмет ету мерзімі.

6.1 Осы келісім-шарт екі жақтың қол қойылған сәтінен күшіне енеді.

6.2 Келісім-шарттың қызмет атқару мерзімі қол қойылған сәтінен 5 жылға дейін жарамды.

6.3 Осы келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын әрбір Қосымша немесе Қосымша келісім-шарт оларға екі тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

6.4 Осы келісім шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, әрбір Қосымша немесе Қосымша келісім-шарттың қызмет атқару мерзімі нақты келісім-шарттың қызмет атқару мерзімінің өтуімен бітеді.

6.5 Осы келісім-шарт екі тараптың қарсылығы болмаған жағдайда автоматты түрде келесі 5 жылға созылады.

6.6 Қосымшалар мен Қосымша келісім-шарттар нақты келісім-шарттың жарамдылық мерзімі созылған уақыттан бастап тағы 5 жылға немесе тараптардың арнайы келісілген мерзіміне созылады.

7- бап. Өзге шарттар

Осы келісім-шарт Қазақстан Республикасы мен ҚХР заңдарына сәйкес 4 данада жасалған (екі данасы орыс тілінде және екі дана қытай тілінде) – әр тарапқа әр тілде бір данадан. Келісім-шарттың барлық даналарының тең заңды күші бар.

ЕКІ ТАРАПТЫҢ ЗАҢДЫ РЕКВИЗИТТЕРІ:

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Шеньянский педагогический
ұлттық университеті университет

010008, Сатпаев к-сі 2, Астана,
Қазақстан

Ректор:

мерзімі:



110034, Хуанхэ солтүстік к-сі 253,
Шеньян, Қытай

Ректор:

мерзімі:

